

Г.Т. Тлеубердина<sup>1\*</sup>, Б.К. Аубакирова<sup>1</sup>, Г.Т. Батыргалиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан

<sup>2</sup>Шортанды аудандық № 3 қазақ орта мектебі, Ақмола облысы, Қазақстан  
(e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru, a.b.k\_1967@mail.ru, gbatyrgaliyeva@gmail.com)

## Көкшенің айтыс өнерінің қалыптасу және даму тарихы

Мақалада Көкше өңіріндегі айтыс өнерінің қалыптасуы, дамуы жөнінде айтылған. Атақты айтыскер ақындардың шығармашылығы кезең-кезеңмен қарастырылған. Сонымен қатар олардың Көкшенің айтыс өнерін қалыптастыруға сіңірген еңбектеріне сараптама жүргізілген. Әсіресе, Көкшетаудың айтыс өнерінің қалыптасуының қалай бастау алғаны бойынша ғылыми ақпарат берілген. Көкшетау баурайында туып өскен: Бертағының баласы Орынбай, Шөже, Тойлыбай бидің ұлы Арыстан, Атығай соқыр Тоқжан, Шал, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай және т.б. қазаққа кеңінен танымал айтыскер ақындар шығармашылығы зерделенген. Көкшелік өнер тарландары тек бір ғана ақындық өнерді меңгермеген, бір басына ақындықпен қатар, импровизаторлық өнер, әншілік-композиторлық қабілетті де сіңіре білген тұлғалар. Сондықтан зерттеуге негіз болған айтыс ақындарының шығармашылығын, олардың жеке авторлық бейнесін қайта құру және сипаттау арқылы мәдени мұраны жаңғыртуды мақсат еткен.

*Кілт сөздер:* айтыс, өнер, ақын, шығармашылық, айтыс мектебі, қазақ әдебиеті.

### *Kipicne*

Ерте заманнан сөз өнерін қадір тұтып қастерлеген халқымыз әдеби мұраға, оның ішінде өрнек-айқышы мол ақындар айтысына айрықша мән беріп, оны естіген бойда рухани мол өмірдің көрінісі, өзінің көнермес асыл мұрасы тұрғысында көкейіне тізіп алып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, келешекке жеткізген. Айтыс өнерінің арғы тегі сонау «Жар-жар», «Бәдік», «Наурыз» жырларынан туындайды. Ал, бізге белгілі жекелік сипаттағы ақындар айтысының қалыптасуы бірден бола қойған жоқ. Бұл өнер қаншама ғасырлардың жемісі. Жазушы С. Мұқанов «Айтыстар туралы» мақаласында: «Айтыс қазақтың ескі дәуірден келе жатқан ауыз әдебиетінің кең бір арнасы. Бірақ ХІХ ғасырдың артқы тұсындағы айтыстар қазіргі заманға өте аз жеткен және халық фольклорына айналып, шығарушы ақыны ұмытылған айтыстар» [1: 10], — деп атап өтеді.

Жалпы айтыс өнерінің қалыпқа түскен тұсын шамалап алған соң, Көкше даласында осынау дүркіреген өнердің кімнен бастау алғанын білуге болады. Көреген аға буын өкілі Көкшетауды «қашанда ақындардан таршылық көрмеген өлке» деп бағалайды. Шындығында қазақ даласында думан-той мен жиындар жиі өтіп, ақындар айтысының қалыптасып келе жатқан тұсы ХVІІІ ғасырдың аяғына келеді. Бұл дәуірде көгілдір Көкшетау даласында руы атығай Шал ақын сынды дарабоз айтыс сахнасына шығып, өзінен кейін туған сөз майталмандарына ағалық етеді.

### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

Зерттеу әдістері: Тақырыптың өзіндік ерекшелігіне қарай баяндау, материалдарды сипаттамалық және теориялық талдау әдістері, еңбектерді саралап, салыстыру басшылыққа алынды.

### *Зерттеу нәтижелері және талқылау*

Ерте замандарда халқымыздың рухани өмірінің көрінісі ретінде туып, күн көріс кәсібі арқылы қалыптасқан. Айтыс өнерінің түбі осы жырлардан бастау алса, біз білетін ақындардың сөз жарыстыруы деңгейіне дейін жету үшін сан ғасырларды бастан өткеріп, халықпен бірге жасасып, тарих көшімен бірге дамып отырып, қанша дәуірлер бойы қалыптасқаны көрінеді. Тарихқа жүгінсек, шамамен ХІV ғасырдың аяғы мен ХV ғасырдың орта тұсының аралығында Қотан жырау мен Асан қайғының арасында қалыпқа түскен, келер ұрпаққа сақталып жеткен алғашқы айтыс болған. Мұнан кейін Қазтуған, Шалкиіз заманынан өтіп, бері қарай ақиқатты айнымай ортаға салатын ақындық дәстүр үзілмей дамып келіп, Орынбай, Шөже, Кемпірбай, Ұлбике, Сара, Сүйінбай, Біржан, Әсет,

\* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

Жамбыл, Құлмамбет ақындарға ұласады. Ал осы суырып салмалық өнердің өркендеп қанат жайған уақыты XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдан бастау алады. Бұл дәуір — сары дала Сарыарқаны ән мен жырға бөлеген, жиын-тойдың сәнін келтірген импровизатор ақындар мен сал-серілердің өмір сүрген уақыты.

Зерделей келе, халқымыздың ауыз әдебиетінің дамуына біршама үлес қосқан әнші-ақындардың көбінің шыққан жері — Сарыарқаның жүрек тұсы Көкше жері екен. Көкшетау мекені — қазақ руханиятының өткен екі ғасыр бойы көшбасшысы болған өңір десек, артық айтпағандық болар еді [2: 5]. Қазақ әдебиетінде Көкше мекенінен шыққан, әсіресе өзінің поэтикалық шеберлігімен, суырып салмалық өнерімен, тапқырлығымен, халық өмірін терең білуімен ерекше көзге түсіп, зор құрмет пен даңққа бөленген көптеген ақындардың есімі белгілі. Ал, осындай күрделі өнердің Көкше өңірінде қалыптасуы кімнен бастау алады десеңіз, ұлттымыздың ұлы педагогі, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі М. Жұмабаевтың пікірін жауап ретінде келтіруге болады: «Ұшы қиыры жоқ сары дариядай Сарыарқаның ортасында аралдай көгерген Көкшетау, Абылайдың ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға Отан болған Көкшетау алаштың ақындығының да ордасындай жер еді. Бұл өңірден Бертағының баласы Орынбай, Шөже, Тойлыбай бидің ұлы Арыстан, Атығай соқыр Токжан, Атығай Шал, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай және т.б. қазаққа кеңінен танымал болған ақындар шыққан». Бұл айтыс саңлақтарының бізге жеткен өнер үлгілеріне екі ғасырға жуық уақыт өтсе де, ауыз әдебиетіміз бен ұлттық өнеріміздегі сәулелі нұры күні бүгінге дейін жақұт тастай жарқыл қағып тұр.

Ақындар айтысының бәрі дерлік жұрт бас қосқан ойын-сауық, үлкен жиын, ас-тойларда қолма-қол суырып салып айтылатыны мәлім. Сол шаршы топта бәсеке сайысына түскен екі ақынның сөзін сарапқа салып, әділ төрелік етуші де халық. Қалың дүйім жұрт алдында үлкен міндет, ауыр жүк арқалаған ақындар жекпе-жек майданға шыққан қас батырларша бірін-бірі сөз найзасымен аямай түйреп, сан қилы әдіс-айламен шарқ ұрып нысаналы жеңіске жетудің жолдарын іздестіреді, ретін тауып қарсылас ақынның ең бір әлсіз, жанды жеріне тиіп, бұлтартпай бас игізуді көздейді. Сөз жоқ, бұл жәйт айтысушы екі ақынның да суырып салмалық дарынымен қатар, өз заманының тоқығаны мол, зерделі адамдары болуын талап етеді [3: 4.]. Осы айтылғандарды бойына жиып, киелі Арқа жерінде өнер көшін бастаушылардың бірі — Шал ақын. Шал ақын заманында суырып айтар сөздің түбін түсірген, ал зерделілігі заман көрінісін толғап, халықпен үндес болғанынан, елге ғылым мен білімді уағыздағанынан көрінеді. Шын есімі — Тілеуке Құлекеұлы. 1748 жылы көгілдір Көкше елінде дүниеге келіп, 1819 жылы Солтүстік Қазақстан жерінде дүниеден өткен. Шал ақынның әкесі Құлеке жаудан жаны айнымас хас батыр, дауда орыс, қазақты таңдандырған өткір тілді шешен, өз заманының сауатты азаматы және бастысы, Абылай ханның жанындағы серігі болған. Тіпті, бала күнінде Шал ақынның осы есімін құрметті Абылай хан өзіне үлкен кісілерше айтқан тосын өлеңіне таңырқап қойған деседі. Бұл оқиғадан кейін Тілеукенің өнері ел-елге тарап, ақындық өмір жолы басталған екен. Шал ақынның заманында қазақ поэзиясын дамытуға қосқан үлесі мол. Шығармалары мазмұны жағынан көркем, тақырыбы кең, әрі саны жағынан жетерліктей. Сондай-ақ, оның ел өмірінде болып жатқан сөз жарыстарына қатынасуы — суырып салмалық өнерінің асқақтығын дәлелдейді. Шал Құлекеұлының «Шал мен Күлімжан қыз», «Бәйбіше мен Шал ақынның айтысы», «Шал мен жігіт», «Шал мен келіншектер», «Өске мен Шал ақын» сынды айтыстары белгілі. Зер салсақ, айтыстарының бәрі де зілді әзілмен ұштасып, дүниенің шындық көрінісін айқара ашатын озық ойлы, алмас кездіктей өткір тілді екенін көреміз. Ақынның мұралары ғасырлар өтсе де, өз құнын жоғалтпай, халық көкейінде сақталып келеді. Шал ақын — Сарыарқа жерінде, соның ішінде Көкшетау даласында суырып салмалық-ақындық өнерінің қалыптасуының көшбасшысы саналады және өзінен кейін Көкшенің талантты дарабоздарының шыңдалуына бағыт беріп, ұстаздық еткен ұлы тұлға.

Жас күнінде атақты Шал ақыннан бата алған, өлең қонған арқалы ақын — Орынбай. Шал ақын оны «Атығай Қарауылдың ақырғы ақыны» деп бағаласа керек. «Арқаның айтыскер ақындарының аға сұлтаны» атанған Орынбай ақын — Шал ақыннан кейінгі Көкшетаудың айтыс өнерінің тұңғыш перзенттерінің бірі. Өз дәуірінде ол даңқы дүркіреп тұрған Шөже, Балта, Кемпірбай, Жанақ, Арыстанбай, Серәлі, Шортанбай, Тоғжан, Құлтума, Дана ақын сынды игі мықты ақындарды сөзден қағытып жеңіс тапқан. Сонымен қатар, Семей, Қорған, Омбы, Қараөткел, Түмен аймақтарының он төрт бірдей ақынымен, Қаракеске Шаншан хан асында отыз ақынмен, Абайділда деген ханның сайлау салтанатында он ақынмен, Ерден Сандыбайұлы аға сұлтандыққа сайланғанда он жеті ақынмен, Орынбордың Кеңшалғын деген мекенінде патшаның мұрагерін қарсы алғанда он екі

ақынмен, Түркістан, Қазан шаһарларында сексендей ғұлама хазіреттермен сөз сайысына түсіп, барлығында дерлік қанжығасына жеңіс байлаған екен [4: 35]. Оның ақындығына куә болған дүйім жұрт «айтыскер ақындардың атасы» деп атау беріп ерекше құрмет тұтқан. Сондай-ақ, ел арасында «Орынбай — ақындардың төресі, Шөже — үйі, Арыстанбай — биі» деген қанатты сөз бар [5: 10]. Орынбай Бертағыұлы 1814 жылы ертеде Көкшетау құрамында болған, қазіргі Солтүстік Қазақстан жеріндегі Айыртау ауданында туып, 1891 жылы өмірден озған. Өз әкесінің есімі Байқожа болған. Орынбай ақынның жастайынан сөз өнеріне әуестігі арғы атасы Бертағының өз заманында белгілі ақын, әрі жыршы болуынан деседі. Орынбай ақын өлең сөзін:

Баласы Бертағының Орынбаймын,

Алашта ақын бар деп қорынбаймын [4: 18], — деп бастағанда дүйім жұрт тына қалған, себебі бәрі ақынды жақсы көрген деседі. Ел жадында ақынның көп айтыстары жатталып, біздің күнге дейін жеткендері бар. Соның ішінде Орынбай ақынның атақты Шөжемен айтысы көп болыпты. Екеуі бір жиында кездессе, бірде Орынбай ақын Шөженің «қырғыздығы» мен көзінің көрместігін бетіне басып алдын орағытып өтсе, бірде Шөже ақын жеңіп отырған. Айтыскер ақындардың ағ сұлтанының, сонымен қатар, өзі секілді тамырын тереңге жіберген құнарлы Көкше топырағынан шыққан, Атығай рулы Тоқжан ақынмен айтысы да ерекше. Тоқжан ақын да өз алдына дес бермес Көкше айтысының бір өкілі, Нұркей мен Біржан сал, Шәрке сал ақындармен замандас. Тоқжан ақын да бұл дәуірде Көкше айтысының дамуына үлес қосушыларының бірегейі. Орынбай ақынның тағы бір айтулы айтыстарының бірі — Серәлі Еруәліұлымен айтысуы. Бұл айтыста елдің әлеуметтік езгідегі жағдайы, тұрмыстық ауыртпашылығы, биліктегілердің істегі саяси әділетсіздігі мен өзімшілдігі туралы көп айтылған. Айта кететін жайт, Орынбай Бертағыұлы халқымыздың ертеден қалыптасқан айтыс өнеріне тек жаңа леп беріп дамытып қана қоймай, арнайы толғау өлеңдер де жазып, XIX ғасыр әдебиетінде өз орнын өшпестей қалдырған. Оның толғаулары мақтау түрінде және сын-сықақ ретінде келетін өлеңдерден құралады. Орынбай ақын өз заманында өте беделді болған, оның дәлелі ақындық өнерін Шоқан Уәлиханов, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин және түрколог-ғалым Василий Васильевич Вильгельм, поляк ұлтының революционер-демократы Адольф Янушкевич те аса жоғары бағалаған. Шоқан Уәлиханов Орынбай ақын жайлы «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» атты қазақ өлеңдерінің түрлерін қарастыратын еңбегінде былай деген: «5 өлең. Бұл форманы қазір барлық жаңа ақындар айтыс пен жырда да қолданады, әсіресе оны қолдануға үлес қосқан Қарауыл руынан... шыққан Орынбай мен Атығай руының Жаңа қырғыз дейтін атасынан туған соқыр ақын Шөже». Бұдан түйетініміз мұндай форманы көп қолданып, айтысқа жаңаша сарын сыйлаған ақындардың бірегейі Орынбай ақын мен соқыр Шөже ақын екен. Шөже ақын — XIX ғасырда өмір сүрген, Көкшетау даласынан шыққан айтыс тарланы. Деректерге сүйенсек, Шөже ақын 1808 жылы дүниеге келген. Арғы аталары кезінде қырғыз жерінен көшіп келіп, Көкше жерін пана еткен. Тағдырының осылай қалыптасқанынан, жалпы жиындардағы сөз сайыстарында айтысқа түскен барлық дерлік ақындардың Шөженің бетіне басатын екі міні болған: оның тегінде қырғыз қанының болуы және тумасынан көзінің соқырлығы. Мысалы, сөзге дес бермейтін қарауыл Орынбай Бертағыұлының Шөже ақынмен бір айтысында былай дегені бар:

Ассалаумағалейкум, ақын Шөже,

Өлеңге жас күніңнен жақын Шөже.

Кенесары-қырғыздың соғысында,

Ерліктен көзі шыққан батыр Шөже [6: 109].

Осылай айтыс тарланының бетіне мінін басу арқылы сөзден тайындыруды мақсат тұтқан Кемпірбай Бөгенбайұлы, Балта ақын, Қаракесектің ақыны Қалдыбай қожа секілді ақындармен болған айтыстары белгілі. Десек те, Шөже — асқақ жауап пен суырып салмалық сөз өнерінің биігінде тұрған ақын. Бірде өзімен жыр жарысына түскен Кемпірбайға:

Мұқтасар, сөзім майда, тақтасындай,

Бұхардың омырауым, қақпасындай.

Ескі аруақ орнаған жер құр қалмайды,

Қырғыздың алтынымын ат басындай.

Балта, Орынбай, Шортанбай түк қылған жоқ,

Сен қыларсың атаңның қақ басын-ай! [6: 267], — деп ұтымды қайырған.

Бұл айтыстан кейін ел арасында жеңілген Кемпірбайдың аузынан шыққан, «Бағасы жоқ соқырмен айтысам деп, жығылдым төрт аяғым көктен келіп» деген сөзі нақылға айналып кеткен. Сөйтіп айтулы Шөже ақын айтыста үнемі «қырғыздығынан» соққы алып жүрсе де, тарихта қазақ

жеріндегі, Көкше өңіріндегі айтыс өнерін қалыптастырып дамытушы өкілдерінің бірі болып қалды. Ақындықтан бөтен Шөже Қаржаубайұлы әнші, әрі сазгер болыпты. Оның орындауындағы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасы көркемдігі жағынан ең үздігі ретінде халық көкейінде мәңгіге сақталған. Ш. Уәлиханов Шөже ақынды халықтың ауыз әдебиетінің асыл үлгілері мен ел шежіресінің асқан білгірі ретінде бағалаған. Оның кейбір өлеңдері жекелеген адамдарды мадақтап құрылғанымен, біршамасында ел билеуші бай-сұлтандардың зұлымдығын, парақорлығын, сараң мінезін батыл сынға алады.

Көкше өңірінің айтыс өнерінің келесі бір үлкен өкілі — Арыстанбай Тобылбайұлы. Ш. Уәлихановтың «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» атты еңбегінде сипаттағандай, Арыстанбай ақын заманында «Ер Көкше», «Ер Қосай» киссаларын нақышына келтіріп, әдемі, әрі тұтас айтатын жыршы екен, өзі Көкше жерінің тумасы, шыққан тегі Қойлы Атығай. Сан түрлі өнер иесі болғанымен, ақынның шығармасының негізгі саласы — айтыс. Жыр сайыстарындағы өнеріне тәнті болған халық «ақиықтай саңқылдаған» ақпа ақын деп, айтыстың дүлдүл көгі деп теңестіреді екен. Арыстанбай Тобылбайұлының аты әйгілеп тұрған Орынбай, Шөже, Серәлі, Тоқжан ақындармен сөз жарыстырғаны халық арасында танымал. Бірақ Арыстан ақынның шығармашылық мұрасы заманында хатқа түсірілмегендіктен, бізге жеткені аз. Ел ішінде көпке белгілісі — азуын айға білеген Орынбаймен айтысы. Бірде үлкен бір отырыста екі дүлдүл сөз сайысына түскенде Орынбай ақын Арыстанның сұрағына өте парасатты жауап айтады. Ал, әділдікті жаны сүйетін көреген Арыстан оның жауабына сүйсініп:

Орынбай бұлбұл екен қызыл тілің,  
Өлең жақта жоқ екен сенің мінің.  
Билер сенің сөзіңе езу тартты,  
Сөзің асты, сөйлей бер, жүйрік інім, — деп разы болыпты.

Айта кеткендей, Арыстанбай Тобылбайұлы алуан түрлі талант иесі, әрі зейіні мол кісі болған. Қазақ даласында көп әндер тудырып, жырлар жырлаған. Ел аузында тапжылмас жыршы-ақындығы хақында мынадай сөз сақталып қалған:

Аплатондай ақылды,  
Айтып өткен нақылды  
Арыстандай шешен бол,  
Қызыл тілді безеп көр [4: 40].

Бұл дәуір тұсында көгілдір Көкше мекенінен аузымен құс тістеген кілең жүйріктердің шыққанына куә болдық. Осы сөздің тағы бір дәлелі — өлең сөзде шоқтығы биік Тезекбай Шоқтыбайұлы. Атығай руынан шыққан от ауызды, орақ тілді ақынның заманында өлең жарысынан жауырыны жерге тиіп көрмеген. Сөздің түбін түсірер Әсет, Кемпірбай, Жәмішбай ақындармен, аға сұлтан Құнанбайдың ақыны Балтамен де айтысыпты. Тіпті сөзден тосылмай, тар жерде суырылып асқақ жауап таба білетін Шөже ақынды да алғаш тайдырған осы Тезекбай ақын деседі. Бұл айтыстың қай жылы болғаны белгісіз. Тек ел ішіндегі әңгімеде айтылатыны, ақын ел аралап жүріп Шоқпар ауылында қоныстап жатқан атақты Шөжемен айтысуға өзі іздеп барыпты. Тезекбай ақынның суырып салмалық өнері жас бала күнінен танылған екен. Ертеден жиын-той мен өнерге үйір болыпты. Ержете келе өз жанынан өлең шығарып, ас пен тойдың жыршысы ретінде қазақ жеріне даңқы жайылады. Елге тараған «Балтам кескен қара ағаш шықтым кезеп», «Үш жүзге Тезекбайдың аты жеткен» деген өлеңдері бар екендігі мәлім. Тезекбай Шоқтыбайұлының шығармаларында көбіне ел жайы, халықтың тұрмыс күйі, билер мен болыстардың әділетсіздігі жырланады.

Шал ақыннан басталған Көкше айтысы небір тума таланттарды тудырғанының куәсі болдық. Ұлдарын ұлықтаған Көкше даласында ұлы өнердің бастамасы осындай еді.

Көгілдір Көкше даласы өнердің асқақ тарландарын, ақиық ақындар, әншілер мен күйшілер жасаған киелі өлке. Көркем табиғатының өзі қандай көркем болса, оның аясында өмір сүрген жандардың да болмыс-бітімінің әдемі, ерекше талғамды, сыршыл сезімді болып келуі жаратылыстың қайталанбас заңдылығы тәрізді. Көкше мекенінің құнарлы топырағынан шыққан перзенттері қазақтың ақындық өнерінде XIX ғасырдан бері көшбасшы болып келеді деп айтсақ та артық емес. Жоғарыда тізіп өткен өлең сөздің майталмандарымен біршама танысып, олардың өз заманында жүйрік болғанына да көз жеткіздік. Сонымен, көреген Шал ақыннан бастау алған Көкшенің айтыс өнері сөзі оқтай Орынбай, адуынды Арыстанбай, соқыр ақын Шөже, арқалы ақын Тоқжан мен Атығайдан шыққан Тезекбай ақындарға ұласып, ал бұл сөз саңлақтарын ұстаз тұтқан Көкше

айтысының келесі буын өкілдерінің қазақ айтысының төріне шығуы — XIX ғасырдың екінші шенінен бастап жалғасын табады.

Біржан сал Қожағұлұлы — сырлы өлке Көкше жерінің тумасы, ел мақтанышы. Бір өзінің бойында композиторлық, әншілік, ақындық өнер дарыған халқымыздың қайталанбас тұлғаларының бірі. 1834 жылы дүниеге келген, 63 жасында туған жерінде дүние салған. Шығармашылық қабілеттері заманында би, ділмар-шешен болған атасы Қожағұлдан берілген. Біржан «Біржан сал» атағына дейін қалыптасу үшін кезеңінің озық үлгілі азаматтары болған Шал ақын, Шөже, Арыстанбай, Орынбай, Тоғжан, Шәрке сал сынды дарындардан сабақ алған. Кейін Біржан салдың өзінен үлгі алып, оның мектебінен шыққан, салдық-серілік өнерін жалғастырушылар Жаяу Мұса, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Құлтума, Қанапия, Доскей, Ағашаяқ, Балуан Шолақ, Шашубай, Ғазиз, Иманжүсіп, Сабырбай секілді елге танылмал дарабоздар болды. Біздің заманымызға Біржан салдың өз жанынан шығарған 60-қа жуық туындылары жеткен. Оның сыршыл сезімге толы әндері қазіргі заманға дейін өз құнын жоғалтпаған.

Көкшетау даласының тумасы, Біржан салмен замандас өмір сүрген, одан үлгі алған, сал-серіліктің үлкен өкілдерінің бірі — Ақан сері Қорамсаұлы. Арғын тайпасының Қарауыл руынан шыққан ақын, әнші, әрі композитор. Ақан серінің махаббатқа толы шығармалары кез келген тыңдаушыға үлкен әсер сыйлайды. Аты аңызға айналған Ақан серінің өмір жолында кімді болса да ертегідей еліктірер көріністер орын алған. Оның сүйген қызы Ақтотыға қосыла алмауы, жан серігі, жүйрік аты Құлагердің қаза болуы секілді оқиғалар жан тебірентер туындылардың дүниеге келуіне септігін тигізді. Сұлулық пен сыршыл сезімге жаны құмар ақын сөз маржанын да тере отырып, әсем әндерді тудырған. Халық бағалауына сай, оның таланты қазақ мәдениеті мен әдебиеті тарихында өз орнын тапты. Ақан серінің суырыпсалма өнері де халыққа кеңінен таныс. Біршама айтысы хатқа түспей қалғандықтан, толық түрде қазіргі уақытқа жеткендері санарлықтай. Тек Смағұл, Ғалияңнұр, Мұқан, Әділ, Нұрқожа, Қожамбет ақынмен, аты дүркіреген Мәшһүр Жүсіп, Орынбай, Нұркейлермен, тағы да басқа он шақты ақындармен сөз қағыстырғаны белгілі. Нұркей ақын — осы кезеңде өмір сүрген айтыс майталманы. Өмір сүрген жылдары белгісіз. Бірақ, айтулы айтыстары халық аузында қалған. Атақты Орынбаймен сөз жарыстырғандағы айтыстан біршама деректер бар. Нұркей ақын да Көкше өңірінде айтыс өнерін қалыптастырып, насихаттаушылардың бірегей өкілі.

Ақан серінің өткен айтыстарының ішінде ең олжалысы — ел ардақтысы Орынбай ақынмен айтысқа түсуі. Бұл Сырымбет тауының етегінде төрелер отырысында болған тарихи жәйт. Тумасынан талантты адамдарды құрметтей білетін атақты Шыңғыс төренің құт қонған шаңырағында игі жақсылардың жиыны өтіп жатады. Осында Орынбай ақын мен Ақанның кездескен сәтін отырыстағылардың бәрі көптен күткен. Ендігі солардың тілегі қабыл болып қос қыран өлең сайысына ортаға түседі. Жас буын Ақан сері аға буын алдында тілге шешендігін бірден танытады. Алдына ақын салмаған Орынбай жас Ақанның тапқырлығына тамсанып, алғаш сөзден тосылған сәті осы болады. Сөйтіп, «айтыскер ақындардың атасы», сөз бәйгесіндегі шын тұлпар Орынбай ақын өкшесін басып келе жатқан жас тұлпар Ақан серіге риза болып, өз батасын береді:

Ақанжан ақын болған жан екен ғой,  
Салмақтап сөз көтерер нар екен ғой.  
Жауабың, айтқан сөзің бәрі дұрыс,  
Ат тұяғын басар тай бар екен ғой.

...Ертеден елге мәлім Орынбаймын,  
Кең сабаның сарқылмас қорындаймын.  
Алдыңнан жарылқасын Ақанжаным,  
Жас тұлпар шабысыңды мойындаймын.

Арқаның асау туған ардагері Ақан серінің толығырақ сақталған Нұрқожамен айтыс-қағысы елге кең тараған. Мұнда ақын туған жері мен халқын мақтан тұтатындығын, ақындық өнерді бағалайтындығын ауызға алады. Ақан сері — қазақ халқының XIX ғасырдың екінші жартысында мәдениетінің жаңа сатыға көтерілуіне үлес қосқан, арқаның ақындық-әншілік дәстүрін жалғастырушы болған мәңгі құрметке ие тұлға саналады [7: 71].

Көкшенің өнер мектебін сөз еткенде, Ақан серімен қатарлас, Арғын тайпасы Қарауыл руының тумасы Есенбай Сасанұлы жайында айта кеткен жөн. Ол дәуірінде игі өнерлі жерлестері – сал-серілермен бірге ел аралап, елдегі отырыс-тойларда болатын айтыстарға белсене араласқан. Тарбағатайдан Мыстанай ақынмен, Найманның жас та болса әйдігі Қожабай ақынымен өлең сөз

тартыстары сақталған. Тосын сөзге тапқырлығымен ғана емес, бойында әншілік пен күйшілік өнерімен де танылған. Оның көркемдік шоқтығы биік «Балазар» деген жырлардан тұратын топтамасында адам өмірінің жас кезеңдері, елдің ынтымақ-бірлігі, қайырымдылық ісі, тоқшылық пен жоқшылық, билік мәселелері туралы өлең-жырлар қамтылған. Есенбай ақынның атағы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында осынау Ақмола, Көкшетау, тіпті Торғай даласына жайылған.

Есіктен кіріп келдім басып қадам,

Он үште сөз сөйлетті Хақ Тағалам.

...Көкшетау дуанындағы атым Ыбырай,

Татуға зәмзәм суын шөлдеп келдім [8: 131], — деп кіріп келген Үкілі Ыбырай.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы — 1860 жылы Көкшетау облысында дүниеге есігін ашып, 1930 жылы өмірден озған. Ыбырай — қазақ мәдениетінің сахнасында ойып орын алған ірі тұлға. Өнерге толы ғұмырында сегіз қырлы бір сырлы азамат болған: халық композиторы, әнші, ақын-импровизатор. Оның арабша сауаты да мол болған. Бозбала шағынан өнер мен білімге әуес болып өскен екен. Орынбай, Арыстанбай Тобылбайұлы, Атығай Шөже, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Тезекбай сынды әнші-ақындардың өнеріне тәнті болып, үлгі тұтқан. Сол кезеңдерде атағы дүркіреген Орынбай ақын мен Біржан салға жолығып, жыр толғайды, ән айтады. Бар өнерін аға буын алдында ортаға салған соң, Орынбай ақын баланың талабына сүйсініп, елдің жақсыларын аралауға кеңес береді, болашағына жол сілтейді. Осыдан кейін көргені мол, көшелі үлкендердің ақ тілегімен жолы болып, жас Ыбырай Сарыарқа даласының шаһарларын емін-еркін шарлаған. Қоянды, Қараөткел, Тайынша жәрмеңкелерінде игі таланттармен жүздесіп, өнерін сынатқан. Орыс, украин, татар ұлтының әндерін мақамына келтіре орындаған. Өз жанынан шығарған туындылары кең жұртшылыққа тарап, халық сүйіктісіне айналады. Айтулы әнші — ақынның сыршылдыққа, нәзік иірімдерге толы өлеңдері тақырыбы жағынан әртүрлі келеді. Шығармашылығының шыңы саналатын туындысы — «Гәкку» әні. Және қазіргі таңда 40-қа жуық әндері белгілі. Ыбырай Сандыбайұлы жөппелдемеде жыр тасытатын айтыстың ақтангері де болған. Ол айтыс алаңында Доскей Өлімбайұлы, Есімбет, Қыпшақтан шыққан Құдайберген, Қожақмет сынды азулы ақындармен айтысқан. Үкілі Ыбырай өнер атаулының қасқасы, ұлтымыздың теңдесі жоқ дарынды ақыны Сәкен Сейфуллин жырына қосқандай, әсемдік пен жастық шақтың жыршысы болған:

Әнші бар Көкшетауда талай ірі,

Ыбырай топ жарғанның о да бірі.

Қаңбақша қыз-бозбала қағып алып,

Жайылған талай әсем ән мен жыры.

Өзі ақын, ән шығарғыш, домбырашы,

Сауықтың жан думаны, болған пірі...

Қазақтың дүлдүлдері Біржан сал мен Ақан серінің шығармашылығынан тәлім алып, Көкшенің ақындық-әншілік дәстүрін жалғаған тағы бір ақиық — Доскей ақын. Ақмолада туған Доскей Өлімбайұлы, даусынан сексен көл тебіренген Біржан салдың өлеңдерін алғаш айтушылардың бірі, әрі әншілік қабілетімен қоса, импровизаторлық-ақындығы бар өнер иесі. Біржан салмен кездесіп, батасын алған деседі. Бір күндері Доскей ақын алдына ақын салмаған Шөжені жолықтырып, «өнер іздеген қазына табады» демекші, үлкен ақыннан өзінің ақындық өнеріне сай үлкен бағыт алады. Мұнан кейін Кемпірбай, Орынбай ақындармен кездесіп, атақты Үкілі Ыбырай, Ақан серілермен, аса дарынды ақын қыз соқыр Ажармен де айтысқа шығады. Ажар ақынды сөзден жығып, Доскей ақынның атағы күллі қазақ жеріне мәлім болады.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасыр — қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі айтыс өнерінің гүлденіп, өркендеген тұсы. Қазақ даласында осындай өнерді жандандырып, дамытуда дәл Көкше елінің үлесі мол. Киелі Көкше баурайын — Арқаның әншілік-ақындық мектебінің алтын бесігіне теңеуге болады. Себебі нағыз дарын иелері осы өлкеде дүниеге келіп, сұлу мекеннің сыршыл табиғатымен үндесіп, сұлулығынан нәр алып өскен. Дәл Көкшетау баурайында дүниеге келген, жап-жасыл дарханымда аунап өскен тарландарымыз тек бір ғана ақындық өнерді меңгермеген, бір басына ақындықпен қатар, импровизаторлық өнер, әншілік-композиторлық қабілетті де сіңіре білген. Ұлы тұлға Мағжан Жұмабаев, заманындағы суырыпсалмалық өнердің алтын күмбезін жаратқан жарқын жұлдыздардың бәрінің осы иен даланың перзенттері екенін атап көрсетеді: «Кең сабаның қорындай, Бертағының баласы Орынбай, екі аяқты адамның ділмары, улы тілді соқыр Шөже, Толыбай бидің

ұлы Арыстан, соқыр Тоқжан, терең ойлы Атығай Шал, аспанға өрлеп ән шырқайтын Біржан сал, өмірі ертегідей әдемі Ақан сері — осылардың бәрі сол күніренген Көкшенің маңайында туып өскен ақындар...» [9: 318].

XX ғасыр — кез келген салада жаңашылдықтың бастауы болды. XIX ғасырда өзгеше қырымен танылған бір адам басында бірнеше өнерге деген қабілеттің болуы, яғни сал-серілік синкреттілік өнер өмір сүруін тоқтатты. Елімізде Қазан төңкерісі өткеннен кейін кеңес үкіметі орнады. Дәуірдің орта шенінде соғыс алапаты келіп, біраз уақытқа айтыс саласы тоқырап қалды. Елдегі елеулі өзгерістер ұлттық өнердің асқақ шыңы, айтыстың даму бағытын біршама өзгертті. Қазан төңкерісінен кейінгі жәйт турасында академик Мұхтар Әуезовтің мынадай ой түйінін келтіре кеткен жөн болмақ: «Ақындар айтыс үстінде колхоз бен совхоз, аудан мен облыс, республика көлемімен ғана шектеліп қалмай, Одақтық ұрандарға үн қосып, партия мен кеңес басшылығын мадақтап көтере жырлауды да қажеттілік тұрғысында қарастырды. Осындай қоғамдық, саяси мүддені жоғары қою талабын ұстанған айтыс ақындары бұрыннан қалыптасқан жеңу мен жеңілу дәстүрін де негізгі шарт деп ұстанбады, көбінесе, кеңестік құрылыстағы еңбек табыстарын мақтан тұтып, еңбек ету жолындағы кедергі болар кемшіліктерді сынға салуға айрықша күш жұмсады» [10: 85]. Қай кезеңде де айтыс саласының майталмандарынан кенде қалмаған Көкше өңірінен бұл дәуірде де дарабоздар өнер сахнасына шыға келді. Бұл тізімде халық ақындары мектебінің көкшетаулық белгілі өкілдері Қалия Жұбандықұлы, Әміре Сұлтанмұратұлы, Молдахмет Тырбиұлы, Шәкен Отызбайұлы сынды айтыскер ақындар орын алады.

Қалия Жұбандықұлы — «Қазақ ССР-нің халық ақыны» атағын иеленген дарынды импровизатор. 1872 жылы бұрынғы Ақмола облысының Көкшетау уезіне қарасты Қотыркөл жерінің Қызылағаш ауылында дүниеге келеді. Бұл мекен қазіргі таңда Бурабай ауданы, Абылайхан ауылы. Шыққан тегі, ата-бабалары туралы мәліметтер ақынның өлеңдерінде аздап болса да бар. Соның бірі — «Ақын, айтыңыз өлеңіңізді депті» атты көлемді толғау жырында қиыншылықпен өткен өз өмірінің тұстарын аудан әкімшілігінің алдында тұрып сипаттайды:

Үкіметті нашарыңыз тіледі ғой,  
Аз атаның баласы біледі ғой.  
Жалғыз сиыр, бір атты қоймай алып,  
Халқыңыз аштан өліп жүдеді ғой.

Қалия ақынның бойына қонған ақындық қасиеті туған нағашысы, айтыстағы шоқтығы биік — Тезекбай Шоқтыбайұлынан дарыған. Жалынды туындыларының тақырыбы сан алуан келеді. Бірақ, біршама бөлігі өмір сүру уақытына орай замандас ақындармен үндеседі. Қалия ақын өнерінің асқақтығының үлкен бір дәлелі, жыр алыбы Жамбылдан ерекше бата алуы. Ақындықтан бөтен, көрген көздердің мәліметінше, кеңес үкіметі орнаған кезеңнен кейін патриоттық айтыстарға белсене қатысып, домбырамен тамаша әндер де шырқаған екен. Мұнан байқағанымыз, қарымды Қалия ақын — үздік өнер иелері сал-серілер тағылымының жалғасы.

Кеңес дәуірінде айтыс сахнасының көрігін қыздырған суырыпсалма айтыскер, арқалы әнші, Үкілі Ыбырай бабамыздың шығармаларын дәріптеп, біздің дәуірге жеткізген тұлға — Молдахмет Тырбиұлы. Қазіргі Солтүстік Қазақстан жеріндегі Шал ақын ауданында 1881 жылы өмірге келген. Өмір жолында Көкшенің ақындық мектебінен шыңдалып шыққандай-ақ, өз жанынан әр тақырыпта көрнекті туындылар шығарған. Молдахмет ақын замандасы Қалия Жұбандықұлы секілді қарт Жамбылдың алдында сөз жарысына түскен. Ақынның айтыстарының көбі сақталмай қалған. Бірақ, белгілісі Қостанайдың әйдігі Нұрхан Ахметбековпен айтыста сыналғаны бар. Айтылған сөз сайысында айтыстың көгін көрсетер жердің тумасы Молдахмет ақын өз жерін мақтауға алады:

Уа, Нұрхан!  
Сарыарқадай белің бар ма?  
Ақандайын серің бар ма?  
Құлагердей керің бар ма?  
Көкшетаудай жерің бар ма?

Бұл дәуір талаптарына орай, саясат, дін, өткен тарих мәселелерінен гөрі кеңестік еңбек жарысы барысындағы жетістіктер мен кемшіліктер басты назарда болып, соған қатысты тақырыптар айтыстың қайнар көзі болып отырған. Айтыскерлер қашанда қарсылас жақтың осал жерін сол тұстардан іздеген. Сондықтан мұнда қарсыластар Нұрхан Ахметбеков пен Молдахмет Тырбиұлы шыққан жерімен мақтанған мазмұндағы кемшіліктерін бетіне баса жырлаған:

Нұрханым, мақтан етпе құмдарыңды,

Құс қонбас құба жонды шыңдарыңды.  
Екі етек егініңнен бидай алмай,  
Жібердің желге ұшырып қырманьңды.

Молдахмет Тырбиұлының шығармашылық ғұмыры — қазақтың айтыс және ән өнері саласындағы ардақты тұлға болып тарих тағылымында қалады.

Кеңестік өмірдің жыршысы болған санаулы ақтаңгерлеріміздің бірі, көкшетаулық халық ақыны — Шәкен Отызбайұлы. Кезінде айтулы ақын, төгілген термесі бар, әрі білікті айтыскер болыпты. 1887 жылы дүниеге келгенде азан шақырып қойған аты Шәймерден болған екен. Шәкен ақын бозбала күнінен ақындыққа құмар болып, алдыңғы буын сал-серілердің өнер мектебімен сусындап өседі. 17–18 жас шамасында ел ішіндегі айтыс-қағыстарға қатынасып бастайды. Ауыл арасында өнердің биіктігіне шыңдалып өскен ақын 1939 жылы Алматыда өткен ақындар айтысында жерлес, тумаластары Арқаға кеңінен танымал Көкше ақыны Әміре Сұлтанмұратұлы, қарымды Қалия ақындармен бірге жыр додасына түседі. Бұл уақытта ғасыр жасаған Жамбылдан мақтаулар алып, «Қазақстанның халық ақыны» деген атаққа ие болады. Суырыпсалма ақын 1943 жылы өткен Бірінші республикалық ақындар айтысына және Абайдың туғанына 100 жыл мерекесіне де қатысады [4: 163]. Шәкен Отызбаев өзінің жыр-толғаулары мен айтыстарында Қазан төңкерісінің жемістері, көсемнің жауынгерлік болмысы, совет халқының Ұлы Отан соғысы тұсындағы қаһармандық істері, патриоттық рухты ыстық сезіммен, асқақ леппен өрнектейді. Әсіресе, «Алтын жас» атты көлемді толғауын тудырып, мұнда соғыс зұлматынан қаһарлы жылдар келбетін қабырғасы қайыса жырлайды. Шәкен ақынның өнегесі, оның өнерпаздық асыл қасиеттері өзінің төл шәкірті, Қазақстанның халық ақыны, Көкен Шәкеевке дарыған. Ақынның жырлауынан Көкен ақын «Сүйінбай мен Тезек төре» айтысын үйренген екен. Шәкен Отызбайұлының туындылары келер ұрпаққа үлкен тәрбие берер, үлгі боларлықтай. Ақын аузынан төгілген жырларының қазіргі таңда барлығы жиналмаған, тіпті айтыс сахнасындағы өнерінен де аз таныспыз. Сондықтан, мейлінше жыр үлгілерінен жинақтап шығару ұрпақтарына асыл парыз болмақ.

Кеңестік дәуірдің өмірге келуімен халқымыздың мәдени жағынан болсын, тұрғылықты күнкөріс кәсібі жағынан болсын тұрмыс дәстүрі өзгеріске келді. Бұл жәйт айтыс өнеріне де біраз өзгешеліктер әкелді. Заман талабымен айтыстың өзегі — тақырып аясы ауысты. Сал-серілік құрып, ел-елді аралап өнер шашу, ел ішінде айтысқа түсу салтанаты жоғала бастады. Бірақ, жаңа ғасыр ағымына қарай, «халық ақындары» тарих сахнасының биігіне орналасты. Халық ақындары өлеңді өз жанынан шығарып, жазып таратушылар ғана емес, олар шебер орындаушылар да болды. Мұны біз ақындар өнерінің синкреттілік сипаты деп білеміз. Сондай сипатты өнерді бойына жиған сал-серілерден қанаттанған, табиғаты көрген жанға ерекше шабыт сыйлар Көкшенің ақулы, гәккулі Сырымбет, Шағалалы, Қалмақкөл айдындарының жағасында туып өскен Қалия ақын немесе Әміре ақындар туындыларын өзіндік мақамымен жырлағанда, кәсіби әртістік қабілетке ие жандар сияқты, тыңдаушысын шынайы баурап алатын болған. Бұл өнер, әлбетте, алдыңғы буын сал-серілердің игі дәстүрінің жұрнағы екені даусыз.

#### *Қорытынды*

Ән мен жырдың бесігі сұлу Көкшетау! Табиғатына тамсанып тұрғанның көзі тоймас сұлу өлке! Сұлулығын сөзбен ешкім айтып жеткізе алмаған соң, өз бауырынан сөз маржанын төгер ақын-жыршылар мен жезандай әншілерді тудырған сырлы өлке! Зерделей келе Көкшетау баурайынан небір тума таланттар шыққан. Сонау он сегізінші ғасырдың соңғы ширегінде айтар сөздің түбін түсірген Шал ақыннан бастап, адуынды Орынбай, арыстандай ақырған Арыстанбай, өлең сөзде дес бермес соқыр Шөже, Атығайдың алыбы Тоғжан ақын, шоқтығы биік Тезекбай, сері ақын Серуәлі сынды алыштар дәуірінде сары дала Сарыарқаны кезіп жүріп, күллі қазақ даласына даңқты болған.

Айтыскер ақын да осыны меңзеп жырлайды:

Көкшетау ән бесігі, ер ордасы,  
Көкшетау өлең-жырдың дариясы.  
Көкшетау сал-серісі мырза болған,  
Көкшетау тілдің балы, сөздің нашы.  
Шал ақын Орынбай мен Ақан, Біржан,  
Тезекбай, Арыстанбай, Нүркей, Тоғжан,  
Ыбырай, Орынтай мен Сұлтан, Мұрат,  
Көкшенің жүйріктері топтан озған.

Бұл дәуір тұсында «ақиықтай саңқылдаған» ақпа ақындардың шыққанына куә болдық. Олардың заманамен үндескен өлең-жырлары мен түрлі әндерімен де біршама таныстық. Бірақ ауыздан ауызға жеткен көп мұралардың өзгеруі немесе жоғалып кетуі сынды мәселелер бар. ХІХ ғасырдың орта тұсында дүркіреген аға буын саңлақтарымыздан сабақ алып, олардың мұраларын жеткізушілер — сал-серілік мектеп қалыптасты. Бұл қазақ мәдениетінің ерекше дамыған тұсы еді. Дәл Көкшетау баурайында дүниеге келген, жап-жасыл дарханында аунап өскен тарландарымыз тек бір ғана ақындық өнерді меңгермеген, бір басына ақындықпен қатар, импровизаторлық өнер, әншілік-композиторлық қабілетті де сіңіре білген. Осы кезеңде жер жаһанға таныс, қазақ даласының айтыс саласын тіптен ажарландырып, жаңа сатыға көтеріп жіберген — «Біржан мен Сара» айтысы болған. Ерекше көркем туындыға қазіргі күнде де жетер туынды жоқ. Иә, Көкше даласының перзенттерін қанша ауызға алып мақтасаң да, тым жарасады. Бірақ сол кереметті сақтап, тәрбиелік тұстарын насихаттап келер ұрпаққа үлгі етіп отыру бабалар аманаты ретінде саналуға тиіс.

XX ғасыр мәдениеті заман ағымына қарай бөлектеу арнаға бұрылды. Дегенмен, әншілік-ақындық мектептен тәлім алып келген дара өкілдеріміз ұлттық дәстүрді ұлықтап, «халық ақындары» атағын алып, тарих сахнасының жаңа биігіне орналасты. Халық ақындары өлеңді өз жанынан шығарып, жазып таратушылар ғана емес, олар шебер орындаушылар да болды. Мұны біз ақындар өнерінің синкреттілік сипаты деп білеміз. Сондай сипатты өнерді бойына жиған сал-серілерден қанаттанып келген қарымды Қалия ақын, Шәкен ақын, Үкілі Ыбырайдың жолын қуған Молдахмет ақын, білікті Әміре ақын артынан ерген жаңа заман айтысының жас буындарына үлгі бола білді. Сөйтіп, Көкше айтысының даму тарихындағы жаңа дәуірдің алыптары Шәкен ақынның шәкірті Көкен Шәкеевтен бастау алды. Көкшетауда қалыптасқан жаңа дәуірдің айтыс мектебінің өкілдері қазіргі күнде Жұмабай Есекеев, Иран Тасқара, Баянғали Әлімжанов, Құдайберлі Мырзабекұлы сынды ел ардақтылары болып отыр. Ал олардың ізін басушылар, ХХІ ғасырдың қанжардай өткір тілді айтыскерлері Қанат Қыдырмин, Арман Бердалин, Әлібек Серғалиев, Мұхамед Қоңқаев атты болашақта үміт күттірер жүйріктер.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Хасенов С. Айтыс керуені / С. Хасенов. — Көкшетау, 2016. — 153 б.
- 2 Каренов Р.С. Сұңқардың жебесіндей ұшқыр ақын / Р.С. Каренов // Азия-Транзит. — 2003. — № 8 (41). — Б. 14–19.
- 3 Жармұкамедов М. Айтыс өнері / М. Жармұкамедов. — Алматы: Қазақстан, 1979. — 168 б.
- 4 Негимов С. Шығармалары. Екінші том / С. Негимов. — Астана, Фолиант, 2015. — 36 б.
- 5 Ысқақов М. Орынбай туралы / М. Ысқақов // Жұлдыз. — 1978. — № 5. — 204 — Б. 206.
- 6 Жармұкамедов М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы / М. Жармұкамедов. — Алматы, 2001. — 293 б.
- 7 Жолдасбеков М. Қазақ өнерінің антологиясы. Айтыс. 1 том / М. Жолдасбеков. — Астана: Күлтегін, 2014. — 400 б.
- 8 Жолдасбеков М. Қазақ өнерінің антологиясы. Айтыс. 2 том / М. Жолдасбеков. — Астана: Күлтегін, 2014. — 318 б.
- 9 Жұмабаев М. Шығармалары / М. Жұмабаев. — Алматы: Жазушы, 1989. — 318 б.
- 10 Жармұкамедов М. Айтыстың даму жолдары / М. Жармұкамедов. — Алматы: Ғылым, 1976. — 189 б.

Г.Т. Тлеубердина, Б.К. Аубакирова, Г.Т. Батыргалиева

### **История становления и развития искусства айтыса Кокше**

В статье исследованы вопросы становления и развития искусства айтыса Кокшетауского региона. Творчество известных поэтов-айтыскеров рассмотрено поэтапно. Проведен анализ их влияния на формирование искусства айтыса Кокше. В частности, представлена научная информация о том, как начиналось становление кокшетауского айтыса. Изучено творчество акынов-айтыскеров, родившихся и выросших в Кокшетау: Орынбай Бертагулы, Шоже, Тойлыбай би, Арыстан, Атыгай Сокур Токжан, Шал, Біржан сал, Ақан сері, Укилі Ібраһім и других. Представители казахского искусства не только владеют одним поэтическим, но и импровизаторским искусством, певческо-композиторским талантом. В связи с этим авторами предпринята попытка воссоздать культурное наследие, через описание творчества поэтов айтыса, их личного авторского образа, послужившего объектом для исследования.

*Ключевые слова:* поэт, творчество, школа айтыса, казахская литература, кокшетауский айтыс, импровизаторское искусство.

G.T. Tleuberdina, B.K. Aubakirova, G.T. Batyrgalieva

### **The history and establishment of Aitys (spontaneous oral language poetry) art of Kokshe region**

The article describes the formation and development of the art of aitys in the Kokshetau region. The oeuvre of famous poet-aitysters has been considered in stages. An examination of their merits in the formation of the art of aitys Kokshe has also been conducted. In particular, scientific information has been provided about how the formation of the Kokshetau aitys began. The works of akyns-aitysters, born and raised on the slopes of Kokshetau: Orynбай Bertagyuly, Shozhe, Toylyбай Bi, Arystan, Atygai Sokur Tokzhan, Shal, Birzhan sal, Akan seri, Ukili Ibray, etc. have been studied. Representatives of the Kazakh art possess not only one poetic art, but also improvisational art, singing and composing talent. Therefore, we tried to recreate the cultural heritage by recreating and describing the works of the poets of aitys, their personal author's image, which served as the basis for the study.

*Keywords:* aitys, art, poet, creativity, aitys school, Kazakh literature.

#### References

- 1 Khasenov, S. (2016). *Aitys kerueni [Aitys caravan]*. Kokshetau [in Kazakh].
- 2 Karenov, R.S. (2003). Sunqardyn zhebesindei ushqyr aqyn [The poet is as fast as a falcon]. *Asia-Transit*, 8 (41), 14–19 [in Kazakh].
- 3 Zharmukamedov, M. (1979). *Aitys oneri [The Art of Aitys]*. Almaty: Qazakhstan [in Kazakh].
- 4 Negimov, S. (2015). *Shygarmalary [Works]*. Vol. 2. Astana, Poliant [in Kazakh].
- 5 Iskakov, M.O. (1978). Orynбай turaly [About Orynбай]. *Zhuldyz — Star*, 5, 204–206 [in Kazakh].
- 6 Zharmukamedov, M. (2001). *Aitys olenderinin argy tēgi men damuy [The origin and development of Aitys poems]*. Almaty [in Kazakh].
- 7 Zholdasbekov, M. (2014). *Qazaq onerinin antologiiasy. Aitys [Anthology of Kazakh art. Aitys]*. Vol. 1. Astana: Kultegin [in Kazakh].
- 8 Zholdasbekov M. (2014). *Qazaq onerinin antologiiasy. Aitys [Anthology of Kazakh art. Aitys]*. Vol. 2. Astana: Kultegin [in Kazakh].
- 9 Zhumabayev, M. (1989). *Shygarmalary [Compositions]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 10 Zharmukamedov, M. (1976). *Aitystyn damu zholdary [Ways of aitys development]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].